# САБАҚ ЖОСПАРЫ

| | |
|---|---|
| **Пән** | Математика |
| **Мұғалім** | Мұқашева Жазира Кыдырмолдақызы |
| **Мектеп, сынып** | Алматы облысы, Талғар ауданы, Бесағаш ауылы, №45 мектеп-гимназия, 1-сынып |
| **Сабақ тақырыбы** | 7 санының құрамы |

www.bilimland.kz

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Сабақтың мақсаты** | 7 санының құрамын қарапайым тәсілдер арқылы талдай отырып, түсінуге жағдай туғызу. | | |
| **Міндеттері** | **1**. 7 санының құрамын суреттер арқылы анықтау.<br>**2**. Сәйкес суреттерді пайдалана отырып өрнек құрғызу.<br>**3**. 7 санын өзінен кіші сандармен салыстыру. | | |
| **Күтілетін нәтиже** | **1**. 1-ден 7-ге дейінгі сандарды тура және кері санай алады.<br>**2**. 7 санының құрамын суреттер арқылы анықтайды.<br>**3**. Берілген суреттерді пайдалана отырып теңдіктер құрайды.<br>**4**. 7 санын басқа сандармен салыстырады.<br>**5**. Тапсырманы өз беттерінше орындауды үйренеді.<br>**6**. Сынып оқушыларымен қарым-қатынастары өрбиді. | | |
| **Сабақта қолданылатын материалдар** | Үлестірмелі материалдар, А3 қағаздары, стикер, интербелсенді тақта, флипчарт қағаздары, түрлі-түсті маркерлер. | | |
| **Дерек көздер** | Математика 1-сынып, «Атамұра» баспасы, Мұғалімдерге арналған нұсқаулық,<br>http://bilimland.kz/index.php/kz/catalog/lesson/59-3_04_3_7_sany_qosymsha_tapsyrmalar ресурсы | | |
| **Оқытудың әдіс-тәсілдері** | Жаңа әдістер, АКТ, СТО, Диалогтік оқу, жеке, топтық, жұптық жұмыстар | | |
| **Сабақ кезеңдері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** | **Оқыту үшін бағалау** |

<table>
<tr>
<td>Психологиялық ахуал туғызу</td>
<td>«Көңіл күйді анықтау».<br>Мұғалім оқушылардан көңіл-күйлерін сұрайды.</td>
<td>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық, достарым!<br>Арайлап атқан күнге!</td>
<td>Бармақ арқылы</td>
</tr>
<tr>
<td>Қызығушылықты ояту</td>
<td>1)Мұғалім оқушылардан бүгінгі күнге дейін қандай сандармен таныс екендіктерін сұрап, http://bilimland.kz/index.php/kz/catalog/lesson/59-3_04_3_7_sany_qosymsha_tapsyrmalar ресурсындығы №4,5 тапсырмаларды орындатады. (қағазға басылған нұсқасы таратылады).
<table><tr><td>0</td><td></td><td></td><td>3</td><td></td><td></td><td></td></tr></table>
2) Топқа бөлу<br>2 доп<br><br>3 гүл<br><br>4 алма<br><br>5 ұшақ<br><br>6 автокөлік<br><br>суреттері бойынша топқа бөлу (Өздеріне берілген санның құрамын анықтауды тапсырады).</td>
<td>1) Әр топ 0-ден 7-ге дейінгі сандар қатарын өз беттерінше жазып, топтарында бір-біріне оқып, дұрыс үлгіні тақтаға іледі. Әр топтан бір баяндамашыдан шығады.
<table><tr><td>0</td><td>1</td><td>2</td><td>3</td></tr></table>
Осы сандар қатарын тура және кері санайды.<br><br>2) 2 доп, 3 гүл, 4 алма, 5 ұшақ, 6 қарындаш суреттері бойынша топқа бөлінеді. Өздеріне берілген санның құрамын топта анықтайды, талдайды, бір баяндамашы тақтада талдап айтады.</td>
<td>«Бас бармақ» арқылы топ жұмысына өзара баға береді.</td>
</tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Сергіту сәті** | Қимылмен көрсету | **Сергіту сәті** (әндете,қимылмен көрсетеді).<br><br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Алақанды ұрамыз.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз тынығып аламыз! | «Бас бармақ» арқылы топ жұмысына өзара баға береді. |
| ***Мағынаны тану кезеңі*** | Мұғалім әр топқа суреттер топтамаларын беріп, 7 санының құрамын суреттер арқылы көрсетіп беріңдер және сәйкес өрнек жазыңдар деп ұсынады.<br><br>1-топқа қызыл түсті шаршылар<br>1-топқа көк түсті үшбұрыштар<br>3-топқа жасыл түсті дөңгелектер<br>4-топқа сары бес бұрыштарды таратып береді. | Сол суреттерді 7 санының құрамына байланысты желімдеп жапсырып, топтарында талдайды, сәйкес өрнек жазып болған соң барлық топ өз жұмыстарын ортаға алып шығып, түсіндіруге тырысады.<br><br>Әр топ өздеріне берілген суреттер бойынша 7 санының құрамын жазады, сурет бойынша теңдік құрады, сандарды салыстырады. | |
| Оқулықпен жұмыс | 60 бет 2-3 тапсырманы ауызша орындату. | | |
| Жұмыс дәптерімен жұмыс | Жұмыс дәптеріндегі 1, 2, 3 тапсырмаларын оқушылармен бірге талдап, орындауға бағыт беріп отырады. | Жұмыс дәптеріндегі 1, 2, 3 тапсырмаларды мұғалімнің басшылығымен орындайды | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ***Ой толғаныс кезеңі*** | Оқушыларға http://bilimland.kz/index.php/kz/catalog/lesson/59-3_04_3_7_sany_qosymsha_tapsyrmalar ресурсындағы № 1, 2, 3 тапсырмаларды тақырыпты бекіту ретінде орындатады.<br><br>**«Менің миымның суреті»** әдісі арқылы бүгінгі тақырыптан естерінде қалғандарын мидың суретіне жазып шығуды тапсырады. | Оқушылар http://bilimland.kz/index.php/kz/catalog/lesson/59-3_04_3_7_sany_qosymsha_tapsyrmalar ресурсындағы №1,2,3 тапсырмаларды жеке орындайды (Әр оқушыға жеке параққа басылып шығарылған нұсқасы беріледі). Өзара (топта), мұғалімнің басшылығымен жауаптары тексеріледі.<br><br>Парақтағы салынған мидың суретінің ішіне бүгінгі сабақта оқып-біліп, естерінде қалған білімдерін өрнек, теңсіздік, салыстыру, схема түрінде жазып, іледі. |  |
| ***Бағалау*** | Оқушылардың өз іс-әрекеттеріне баға бергізу. «Құмырадағы гүл» Құмыраның суретін тақтаға іледі.<br> | Оқушылар сабаққа қалай қатысқандарын гүл бетіне смайликтердің суретін салу арқылы бейнелеп құмыраға салады. |  |